

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ МҰРАТЫ

Ағартушы-ғалым
Ахмет Байтұрсынұв:
«Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін – оқу керек. Бай болуға – көсіп керек. Ал күшті болуға – бірлік керек»-деп, білімнің маңыздылығын орынды көрсеткен болатын. Расында да, технологиясы озық, дамыған елдердің санатында болу үшін жан-жақты, білімді болуымыз шарт. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында да білімді басты орынға қояды.

Рухани жаңғыру – қазақстандықтардың салт-санасы мен дүниетанымын өзгертетін қозғаушы күш. Әрине, осынау бағдарламалық құжаттағы тарамдалып жіктелген өзекті міндеттердің қай-қайсысы да еліміз үшін аса маңызды екені айтпаса да белгілі. Соның ішінде «Білімнің салтанат құруы» атты бөлімінде білім мәселесіне арнайы тоқталды. Өйткені мұнда Елбасы әр жылғы халыққа арнаған Жолдаулары мен басқа да еңбектерінде, сөйлеген сөздерінде айтылған ордалы ойларын жаңа қырынан дамытып, ел руханиятына байланысты тың ұсыныс-пікірлерін ортаға салады.

Елбасымыздың сананы жаңғыртудың бағдарламасы бойынша бәсекеге қабілетті елдердің қатарында болу үшін жастар білімді, жан-жақты, заманауи технологияларды білетін болуы шарт. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту.

Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақаланы оқи келе, сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны өлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

«Білімнің салтанат құруы» бөлімінде білімнің

маңыздылығына тоқталып, осы сала бойынша елдегі атқарылған жұмыстарға да шолу жасайды. Мәселен, «Болашақ» бағдарламасы арқылы көптеген жастарымыз әлемнің түрлі мемлекеттерінде өз білімдерін жетілдіріп, тәжірибе жинақтауда. Сонымен қатар елімізде жоғары деңгейде университеттер ашылып, зияткерлік мектептерде қаншама шәкірт білім алуда.

Еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде «Қазақстандық патриотизм» ұғымы қолданылып келеді: «Қазақстандық патриотизм» арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, туған өлке туралы түсініктер оқу-тәрбие үрдісінде, сабақтан тыс іс-шараларда Отансүйгіштік сезімді дамытуға, ұлттық салт-дәстүрді сақтау, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу сияқты сезімдерді білім алушылар бойында қалыптастыру жүзеге асырылуда.

Рухани жаңғыру және білім саласы дегенде,

еңбектің екінші тарауындағы «Жаңа гуманитарлық білім: Қазақ тіліндегі 100 оқулық» атты жобаны атамай кетуге болмайды. Бұл игілікті іс те қазіргі кезеңде өз шешімін тауып, жаңа құрылған Ұлттық аударма бюросы тарапынан аударылған өлемдегі үлгілі оқулықтардың алғашқы легі биылғы жаңа оқу жылында студенттермен табысты.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мағынасы терең еңбегіндегі туған жер, патриотизм, өз елінің мәдениеті мен салт-дәстүріне елжандылықпен атсалысу, Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасын іске асыру жұмыстарын білім беру ісі мен ғылым саласы өкілдерінің қызметінсіз көзге елестету еш мүмкін емес дер өдік.

Ең бастысы – жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық

сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді.

Қорыта айтқанда, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларын жүзеге асыру жұмысы оқу-біліммен, ғылыммен тығыз байланыста атқарылатын жүйелі үдеріс. Сондықтан бүгінгі бәсекеге қабілетті заманда білімді, озық ойлы, заман талабына сай болуымыз қажет. Ал, оған апаратын жол – білім. Сол себепті, білім көюжиегін кеңейтіп, қоғамға үлесімзді қосқанымыз жөн.

Г.БАУБЕКОВА,
М.Өуезов атындағы
ОҚУ-дың оқытушысы,
магистр.

Қ.НҮРБЕКОВ,
«Өрлеу» БАҰО»
АҚФ Түркістан облысы
және Шымкент қаласы
бойынша педагог
қызметкерлердің
біліктілігін арттыру
институтының
аға оқытушысы.